

## Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 154 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

Азаматтық қоғам институттарын жеделдетіп дамыту үшін жағдайлар және азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндіктерін жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 5

ш і л д е д е г і

N

1 5 4

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасында

## азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы Астана, 2006 жыл Мазмұны:

### К і р і с п е

- 1 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы
- 2 Азаматтық қоғам ұғымы, оның құрылымы мен функциялары
- 3 Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері
- 4 Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның перспективалық көрінісі
- 5 Азаматтық қоғамды дамытудың негізгі принциптері мен құқықтық негіздері

- 6 Тұжырымдаманы іске асыру жолдары мен тетіктері
- 6.1 Азаматтық қоғам институттары қызметінің құқықтық негізін ж е т і л д і р у
- 6.2 Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастық құралдарын нығайту
- 6.3 Халықтың жоғары саяси, құқықтық және азаматтық мәдениеті үшін ж а ғ д а й л а р ж а с а у
- 6.4 Еңбек қатынастарын жетілдіру
- 6.5 Әлеуметтік саясатты жаңғырту
- 6.6 Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру
- 6.7 Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарын дамыту
- 6.8 Азаматтық қоғам институттарының халықаралық ынтымақтастығын д а м ы т у
- 7 Тұжырымдаманы іске асыру мерзімі мен кезеңдері
- Қорытынды

## **Кіріспе**

Адами әлеуетті, азаматтардың іскерлігін жандандыру, азаматтық қоғамды одан әрі қалыптастыру негізінде ғана Қазақстанды өмір сүру сапасының стандарттары жоғары, қазіргі заманғы, серпінді мемлекет ретінде дамытуға болады.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы ел халқына Жолдауында белгіленген Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес ә з і р л е н д і .

Бұл Тұжырымдамада қазіргі кезеңде Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытудың негізгі үрдістері талданады, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамытудың алдағы жылдарға арналған жолдары мен нақты тетіктері баяндалған.

Тұжырымдама азаматтық қоғам институттарын дамытудың негізгі бағыттары мен азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндіктерін айқындайды. Ол азаматтық институттардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған мақсатты бағдарламалар, заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілер әзірлеу үшін негіз болады.

## **1. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы**

1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында басталған экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы түбегейлі реформалар түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктердің құрылуын ы н т а л а н д ы р д ы .

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып экономиканың мемлекеттік емес секторы қызметкерлерінің мүдделерін білдірген тәуелсіз кәсіподақтар пайда бола бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар белсенді түрде институцияланды. "Невада - Семей" қоғамдық қозғалысы азаматтық сана-сезімнің анағұрлым жарқын көрінісі болды, ол өз алдына ядролық полигондарды ж а б у м і н д е т і н қ о й д ы .

Елдегі азаматтық қоғам мен оның институттарын белгілі бір дәрежеде дамытуға мемлекеттің осы процесс үшін тиісті саяси, құқықтық және өзге де жағдайлар жасау жөніндегі қызметі жәрдем етеді.

1991 жылғы 27 маусымда "Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақ ССР-інің Заңы қабылданды.

Нәтижесінде елде "Қазақстанның халық конгресі", "Алаш" партиялары, Қазақстанның социал-демократиялық партиясы (ҚСДП), Қазақстанның социалистік партиясы, Қазақстанның республикалық партиясы, "Лад" республикалық славян қозғалысы және "Азат" Қазақстанның азаматтық қозғалысы, "Мемориал" қоғамдық-ағарту қоғамының филиалы, Алматы-Хельсин тобы, "Бірлік" қозғалысы, "Әділет" тарихи-ағарту қоғамы, "Поколение" зейнеткерлер қозғалысы және басқалары п а й д а б о л д ы .

1990 жылдардың басында Әлеуметтік қорғау коалициясы құрылды, оның аясына қоғамдық өткір проблемаларды талқылау, оларды шоғырланған негізде шешудің тетіктерін іздестіру жолымен еңсеру жөнінде бірлескен жұмыс үшін 28 түрлі ұйымдар, партиялар, қозғалыстар бірікті.

1994 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік жөнінде республикалық үшжақты комиссия құру туралы қаулыға қол қойды, бұл сындарлы үшжақты қатынастарды дамытуға және әлеуметтік серіктестік жүйесін құрудың бастауы болды.

Партиялар мен қозғалыстардың құрылуы мен жұмыс істеуі және, тиісінше, елдің партиялық жүйесінің одан әрі дамуы үшін құқықтық өріс құруға 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 1996 жылы Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" және "Саяси партиялар туралы" заңдарының қабылдануы ықпал етті. Бұдан басқа, Қазақстан халықтары Ассамблеясына біріккен ұлттық мәдени орталықтар белсенді дами бастады. Этносаралық келісім елде реформалар жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іргетасқа айналды.

1990 жылдың аяғы азаматтық институттар қызметінің кәсібиленуімен ерекшеленді,

мұның өзі олардың қоғамдық проблемалардың, қажеттіліктер мен мұқтаждықтардың түрлі ауқымын шешу жөніндегі жұмысының тиімділігін көтеруге мүмкіндік берді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының, (бұдан әрі - БАҚ) баспа кәсіпорындарының мемлекет иелігінен шығу, сондай ақ БАҚ-тың мемлекеттік қаржыландыру мен дотациялау жүйесінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырысқа көшу процесіне байланысты масс-медиа нарығында сапалық өзгерістер болды.

1998 жылғы 7 қазанда ел Парламентінің Қазақстан Республикасының Конституциясына елдің сайлау жүйесіне партиялық тізімдер бойынша сайлау енгізуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі партиялық құрылыс процестерін жеделдетті. Сөйтіп, 1998 жылғы желтоқсаннан бастап 1999 жылғы тамызды қоса алғанда, Қазақстанның азаматтық партиясы (ҚАП), Қазақстанның Республикалық халықтық партиясы (ҚРХП), "Азамат" демократиялық партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП), "Отан" республикалық саяси партиясы, Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы, "Руханият" партиясы, "Алаш" Қазақстанның ұлттық партиясы құрылды. Парламентте партиялық фракциялар пайда болды.

1999 жылы іс жүзінде барлық өңірлерде "ҮЕҰ ақпарат орталықтары" ашылды, олардың басты міндеті өңірлік үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, оларға консультативтік көмек, ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету болды.

2000 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің ("Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға" атты Қазақстан халқына Жолдауында халықтың түрлі топтарының мүдделерін іске асырудағы рөлі күннен-күнге артып келе жатқан үкіметтік емес ұйымдарды дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде Үкіметке алғашқы тапсырмалар берілді.

2000 жылы мемлекеттік билік органдарымен (бұдан әрі - билік) өзара іс-қимыл тетіктерін жасау үшін ҮЕҰ күш-жігерін шоғырландыратын Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының конфедерациясы құрылды.

2000 жылғы желтоқсанда қабылданған "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы атқарушы билік органдарының өкілдері, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің бірлестіктері арасындағы мүдделердің келісілуін қамтамасыз етуді мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерді.

2002 жылғы шілдеде қабылданған және күшіне енген "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы елдің партиялық жүйесіндегі одан арғы сапалық құрылымдық өзгерістерге алып келді.

2001 жылы "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 2002 жылы - Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы қабылданды.

2003 жылы ел Үкіметі үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті, соған сәйкес облыстық (қалалық)

бағдарламалар

әзірленді.

Сол жылдың өзінде-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі өткізіліп, оған көптеген көрнекті дін қайраткерлері, әртүрлі конфессиялардың өкілдері қатысты, "Бейбітшілік пен келісімге" декларациясы қабылданып, Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы құрылды.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен бірінші Азаматтық форум өткізілді. Ол үкіметтік емес сектордың саяси танылуын белгіледі және азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының жүйелі тетіктері қалыптасуының бастауы болды. 2005 жылы екінші Азаматтық форум өткізілді, ол елдің қоғамдық өміріне қатысуға бизнес-қауымдастықтардың тартылуына ықпал етті.

Орталық және жергілікті деңгейлерде "билік - қоғам" серіктестігінің ұзақ мерзімді тұрақты тетіктерін және түрлі үндесу алаңқайларын құру жөніндегі жұмыс белсенді жүргізіле бастады. Қорытындысында, 2005 жылғы сәуірде "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, ол билік органдары мен ҰЕҰ-ның өзара қатынастарының принциптік жаңа жүйесінің құрылуына мүмкіндік берді.

2003-2005 жылдары бірін бірі алмастыра отырып, азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту жөнінде ұсыныстар тұжырымдау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңес пен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істеді.

Екі құрылымның да жұмысы мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасында Қазақстанның саяси дамуының аса маңызды мәселелері жөніндегі жалпыұлттық үндесуді тереңдету және саяси жүйені жетілдіру мен елде демократиялық қайта құруды жүргізуге бағытталған шараларды бірлесіп тұжырымдау үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді.

2006 жылғы наурызда Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды, оның жұмысына саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысады.

Барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында есеп беруінің шеңберінде елде әкімдерге қоғамдық сенім комитеттері (бұдан әрі - ӘҚСК) сияқты азаматтық бақылау нысаны дами бастағанын атап өтуге болады. ӘҚСК жұмысының тәжірибесі мемлекеттік органдардың қызметін азаматтық қоғам институттары бақылауының ықтимал өнімді модельдік тетігі ретінде зерделеуді талап етеді.

Сөйтіп, өткен жылдары елде азаматтық қоғам институттары - саяси партиялар, коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдар, кәсіподақтар, ұлттық-мәдени бірлестіктер, мемлекеттік емес БАҚ және тұтастай алғанда мемлекеттік емес секторды білдіретін басқа да институттар қалыптасып, қазіргі уақытта мейілінше тез дами бастады. Бүгінгі күні Қазақстанда 12 саяси партия, түрлі бағыттағы 5820 ҰЕҰ, 3340

қоғамдық қор, 1072 заңды тұлғалар қауымдастығы, 471 ұлттық-мәдени бірлестік, 40-тан астам конфессиялар мен деноминацияларды білдіретін 3340 діни бірлестік, түрлі меншік нысанындағы 6646 БАҚ ресми тіркеліп, жұмыс істеуде. Осы және басқа да азаматтық қоғам институттары елді одан әрі демократияландырудың маңызды р е с у р с ы н а а й н а л д ы .

Сонымен бірге, қоғамда азаматтық қоғамның одан әрі өсуіне ғана емес, елді әлемдік жаһандану процесіне барған сайын тартып бара жатқан қыр көрсетулерге де байланысты бірқатар проблемалық мәселелер көрініс бере бастады. Олар тұтастай алғанда елдегі азаматтық қоғамды одан әрі үйлесімді дамытуды тежейді, оның әр бөлігі үшін сипаттамалық ерекшеліктері бар және өз шешімін талап етеді.

Мысалы, коммерциялық емес ұйымдардың (бұдан әрі - КЕҰ) мемлекеттік органдармен тең құқылы азаматтық әріптестігі мәселелері шешімін тапқан жоқ. Конкурстық рәсімдердің ашықтығын арттыру және бағдарламалар мен жобалардың қазіргі кезеңінде қажеттіліктерді айқындауда КЕҰ-ның қатысуы үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру тетігі жетілдіруді талап етеді. Өңірлердегі, әсіресе ауылдық жерлердегі КЕҰ әркелкі дамуда. Тіркеу тәртібі күрделенген және рұқсат беру сипатына ие, тіркеу алымының мөлшері ұлғайтылған, азаматтардың заңды тұлға болып құрылмаған бейресми бірлестіктерінің мәртебесі туралы мәселе реттелмеген. Бизнес-құрылымдар КЕҰ-дың әлеуметтік маңызды бастамаларын қаржылық қолдауға н а ш а р қ а т ы с у д а .

Әлеуметтік қажеттілікке қарамастан, елдегі партиялық құрылыс баяу қарқынмен жүруде, партиялардың ролі мен өкілеттігі шектеулі. Партиялардың көпшілігінде қажетті қаржылық және материалдық ресурстар, саяси партияларды тіркеу үшін қол жинау мәселелері жөнінде нақты ережелер мен регламент жоқ. Партияларды қайта ұйымдастыру, біріктіру және қосу мәселелері заңнамалық реттеуді қажет етеді. Саяси партиялардың сайлау комиссияларын құруға қатысу тетігі жетілдірілмеген.

Кәсіптік одақтар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын әзірлеу мен іске асыруға толық көлемде қатыспайды. Ұжымдық шарттар мен келісімдер әлі де болса еңбекшілердің құқықтарын қорғаудың пәрменді тетігіне айналған жоқ.

Отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігінің дамуы нормативтік-құқықтық және экономикалық ынталандыру болмағандықтан тежеліп отыр. Көптеген БАҚ-тың материалдық-техникалық базасы жеткіліксіз және қаржылық қаражаты шектеулі, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық саясат бағдарламалары шеңберінде бюджет қаражатына қол жеткізе алмайды. БАҚ аккредиттеу, мемлекеттік органдардан ақпарат, өз хаттары мен өтініштеріне жауап алу кезінде қиыншылық көруде. Журналистер мен БАҚ-тың құқықтық қорғалу деңгейінің төмендігі Қазақстандағы сөз бостандығының шектелуіне әкеледі.

## 2. Азаматтық қоғам ұғымы, оның құрылымы мен функциялары

Азаматтық қоғам - онда болып жатқан процестер мен қатынастардың басты әрекет етуші тұлғасы мен субъектісі ретінде өз қажеттіліктерінің, мүдделері мен құндылықтарының барлық жүйесімен бірге адам болып табылатын қоғам. Бұл ұғым сонымен қатар мемлекет пен оның органдарына тәуелсіз өмір сүретін қоғамдық: саяси, экономикалық, мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және басқа қатынастардың барлық жиынтығын білдіреді, жеке мүдделердің әралуандылығын көрсетеді.

Қоғам демократиялық дамудың белгілі бір сатысында ғана азаматтық болады және елдің экономикалық, саяси дамуына, халықтың әл-ауқатының, мәдениеті мен сана-сезімінің өсу шамасына қарай қалыптасады.

Елде азаматтық қоғамды қалыптастыру және демократияны дамыту өзара тығыз байланысты: азаматтық қоғам неғұрлым дамыған болса, мемлекет соғұрлым демократиялырақ болады.

Азаматтық қоғамды дамытудың алғышарттары меншіктің алуан түрлі нысаны кезінде азаматтарда экономикалық дербестіктің пайда болуы мен адами жеке тұлға мәртебесінің артуы болып табылады.

Құқықтық мемлекет және демократия азаматтық қоғамның саяси іргетасы ретінде қызмет етеді, бұлар жеке тұлғаның барлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамда тұрақтылық, қауіпсіздік, әділеттілік және ынтымақтастық жағдайын құру мақсатында оны дамыту үшін қажет.

Азаматтық қоғамның экономикалық негізін, тең танылуы мен қорғалуының заңнамалық кепілдіктерімен қамтамасыз етілген, меншік нысандарының әралуандылығы мен дара меншік иелерінің егемендігі құрайды.

Азаматтық қоғам өмір сүруінің басты базалық шарттарының бірі тәуелсіз БАҚ арқылы қамтамасыз етілетін жариялылық болып табылады.

Демократия жағдайында азаматтық қоғам институттары мен мемлекет ортақ жүйеде әртүрлі, бірақ өзара тәуелді бөліктер ретінде жұмыс істейді.

Билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасады, ал өзара іс-қимыл ымыраға қол жеткізуге бағытталады.

Демократиялық мемлекеттің азаматтары дербес бостандық құқығын пайдаланады, бірақ сонымен бір уақытта олар басқа мемлекеттік институттармен бірге болашақты құру жауапкершілігін бөліседі.

Азаматтық қоғам демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасатын ең жоғары даму деңгейіне жетеді. Азаматтық қоғамдағы демократиялық рәсімдер билік қызметінің сапасын бұқаралық бағалау құқығына және қоғам мүдделері үшін билікке ықпал ететіндеріне негізделеді.

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің міндеті

жаратылысы жағынан әртүрлі азаматтар мен заңды тұлғалардың бірлестіктері (партиялар, ҮЕҰ, БАҚ, одақтар, қауымдастықтар, бастамашылық топтары және басқалары) адам мен мемлекет арасындағы байланысты жүзеге асыратын және соңғысының билікті бір қолға алуына мүмкіндік бермейтін азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту үшін қажетті жағдай жасау болып табылады.

Азаматтық қоғамның міндеті - жеке адам мен мемлекет арасында делдал болу.

Азаматтық қоғамның мақсаты қоғамның әр мүшесінің мүдделерін қорғау, оның мүдделерін билік пен қоғам алдында бейімдеу, билік қызметін қоғамдық бақылау әрі оның ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

Саяси партия - мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілетті және атқарушы органдарында азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатында олардың саяси ырқын білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі.

Кәсіптік одақтар - азаматтардың өз кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек ету, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру мен оларды қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту үшін ерікті түрде құратын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктері.

Діни бірлестіктер - жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар.

Бұқаралық ақпарат құралы - мерзімді баспасөз басылымы, радио- және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс- бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны.

Қоғамдық бірлестіктер - саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ Мақсаттарға қол жеткізуі үшін ерікті негізде құрылған, заңнамаға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Үкіметтік емес ұйым - ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда).



Ұлттық-мәдени бірлестік - өзін белгілі бір этникалық бірлікке жатқызатын, өзінің этникалық ерекшелігін сақтау, тілін, білімін және мәдениетін дамыту мәселелерін дербес шешу мақсатында азаматтардың өздері ерікті өзін-өзі ұйымдастыруы негізіндегі б і р л е с т і г і .

Жергілікті өзін-өзі басқару - жергілікті маңызы бар мәселелерді тікелей немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылатын органдары (институттары) арқылы өздері дербес шешу мақсатында белгілі бір мекендер шегінде тұрғылықты жері бойынша азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруының нысаны.

Азаматтық қоғам мынадай функцияларды жүзеге асырады:  
азаматтық бастамаларды қолдау, дамыту және көтермелеу;

мүдделерді жақындастыру және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу негізінде адамдарды одақтарға, бірлестіктерге ерікті түрде кіріктіру үшін жағдайлар жасау ж ө н і н д е г і ж ұ м ы с қ а қ а т ы с у ;

азаматтардың жалпы мемлекеттік және жергілікті проблемаларды шешуге қатысуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

азаматтардың құқықтарын қорғауға жәрдем көрсету және халықтың түрлі топтарының мүдделерін іске асыру;

қоғамда жалпы адами нормаларды, құндылықтар мен адамгершілік негіздерін б е к і т у ;

адамның тәуелсіз өмір сүруін қамтамасыз ететін еңбек өнімділігі үшін жағдай ж а с а у ғ а қ а т ы с у ;

әлеуметтік қызметтер көрсету;

биліктің, бизнестің және қоғамдық институттардың қатынастарын үйлестіруге жәрдемдесу, қоғамдық келісім және әлеуметтік жанжалдарды азайту үшін жағдайлар жасау, әлеуметтік және өзге де жанжалдарды сындарлы үндесу жолымен шешу;

мемлекеттік шешімдер қабылдау процесінде ашықтық пен мөлдірлікке жәрдемдесу;

әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аса маңызды қоғамдық функцияларды орындайтын кәсіподақтық ұйымдардың қызметін қолдау;

сөз бостандығын қолдау, БАҚ тәуелсіздігін нығайту және ақпараттық кеңістіктің ашықтығын қамтамасыз ету.

### **3. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері**

Осы Тұжырымдаманың мақсаты адам құқықтары мен адами өлшем саласындағы халықаралық шарттар мен пактілер шеңберіндегі халықаралық-құқықтық құралдарға сәйкес азаматтық қоғам институттарын жан-жақты дамыту әрі олардың мемлекетпен және бизнес-секторлармен тең құқылы серіктестігі үшін заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базаны одан әрі жетілдіру

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін күш-жігерді негізгі бес міндетке шоғырландыру қажет:

адам, оның құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру;

үкіметтік емес ұйымдар, бизнес-сектор және мемлекет арасында үйлесімді, тең құқылы әрі серіктестік қатынастар жүйесін құру;

ҮЕҰ жобаларына бизнес-сектордың қатысуы үшін экономикалық ынталандырулар әзірлеу, қайырымдылық пен меценаттықты дамыту;

азаматтық қоғамның барлық институттарын дамыту үшін қолайлы құқықтық база қалыптастыру;

өмір сүру сапасының жоғарғы стандарттарына қол жеткізу, еңбек қатынастарын үйлестіру, халықтың бай және кедей жіктері кірістерінің арасындағы айырмашылықты қысқарту.

#### **4. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның перспективалық көрінісі**

Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттерін іске асыру: адам құқықтары мен демократиялық бостандықтарды сақтауды; азаматтық қоғам институттарын тұрақты дамыту үшін қолайлы құқықтары мен бостандықтарын адамның қоғам алдындағы жауапкершілігімен үйлестіруді; қоғамның мемлекеттік билік қызметін тиімді бақылауын жүзеге асыруды. Билік органдары мен азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы серіктестік принциптері негізінде ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыруды; әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жүйесін құруды; қоғам мен билік мүдделерін келісімі жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін азаматтық қоғам моделін өмірге енгізуді көздейді.

Қабылданған шаралар нәтижесінде елде демократиялық мемлекеттің басты принципі - азаматтық қоғамның басты құндылығы ретінде адам құқықтарын қамтамасыз ету жан-жақты іске асырылады.

Кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес азаматтық қоғамның экономикалық негізін, ал ортаңғы сынып оның әлеуметтік базасын құрайды.

Мемлекет және азаматтық қоғам институттары халықтың бай және кедей жіктері кірістерінің арасындағы айырмашылықты қысқарту, адам мен азаматтың құқықтарын қорғау арқылы қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік билік басты басымдықтан - қоғамға қызмет етуден шыға отырып, азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп, сөз, діни ұстаным, жиылыстар бостандығын, азаматтардың бірігуге, әділ сотқа, таза да ашық сайлауға құқығын

мүлтіксіз қамтамасыз ететін болады.

Мемлекет азаматтық қоғам институттарының мақсаттары бойынша әртүрлі қызметін құру және дамыту үшін жағдайды заңнамалық түрде қамтамасыз етеді. Кәсіби-бейінді негізде азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық жасау билік үшін міндетті шарт болады. Мемлекеттік бағдарламаларды, республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру жеке адам мен қоғам қажеттіліктері негізінде және оларды ескере отырып жүргізіледі.

Елдегі еңбек қатынастары әлемдік стандарттар деңгейіне жетеді. Экономикалық өсу қызметкерлердің еңбекақысын арттыруға ықпал етеді. Елде мемлекеттің, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың әлеуметтік серіктестігі еңбек және әлеуметтік-экономикалық салалардағы мүдделерді келісудің тиімді тетігіне айналады.

Азаматтық қоғамның экономикалық құрамдас бөлігіндегі шағын және орта бизнесінің үлесі айтарлықтай өседі.

Азаматтық қоғам институттары мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырады, мониторинг жүргізіп, түрлі әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша қоғамдық пікірді зерделейді.

Қоғамдағы саяси партиялардың ролі нығаяды, бұған заңнаманы демократияландыру, саяси партияларды мемлекеттік қолдауды ұлғайту, Қазақстан Республикасының Парламентіндегі және мәслихаттардағы партиялық фракциялардың ролін күшейту ықпал ететін болады.

Мемлекет пен азаматтық қоғам институттары өмір сүру сапасының қазіргі заманғы стандарттарына қол жеткізу және адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында халыққа мемлекеттік қызмет көрсетулер сапасын арттыруға ұмтылады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар әлеуметтік қорғаудың жаңғыртылған мемлекеттік жүйесі мен тиісті заңнамалық база жасау негізінде өздерінің азаматтық құқықтарын іске асыруы үшін жағдаймен қамтамасыз етіледі.

Мемлекет саяси ағартудың және тиімді келіссөздер жүргізу мен жанжалдардың алдын алу мен оларды шешу дағдысына оқытудың ауқымды жүйесін құрады.

Сот практикасымен қатар қоғамдық, тұлғааралық жанжалдар мен дауларды шешудің баламалы тәсілдері қолданылады, ұлттық менталитет пен тарихи тәжірибені ескере отырып құрылған мүдделерді келісудің (үйлестірудің) тұтас жүйесі әрекет етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары ел өмірін объективті бейнелейді және қоғамдық мүдделер мен құндылықтарды қорғауға бағдарланады.

## **5. Азаматтық қоғамды дамытудың негізгі принциптері мен құқықтық негіздері**

Азаматтық қоғамды одан әрі дамыту мынадай принциптерге негізделеді:

адам мен азаматтың іргелі құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

эволюциялық және кезеңділік;

қоғамдық өмір салаларында, ең алдымен экономикалық салада, әлемдік дамудың жаһандық үрдістерін ескере отырып қайта құрулармен бірге бағдарланушылық;

заңның үстемділігі, барлығының бөле жармастан заң алдында теңдігі;

мемлекеттің істерін басқаруға және басқа да қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге

Қазақстан Республикасының азаматтары мен олардың өкілетті өкілдерінің қатысуы;

елдегі демократиялық процестерге азаматтардың қатысуы үшін тең мүмкіндіктерді қ а м т а м а с ы з е т у ;

азаматтарды демократиялық мәдениет мінез-құлқына тарту;

билік пен қоғамның үндесу мен ынтымақтастық мәдениетіне бейіндігі.

Азаматтардың бірлестіктері мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің ешқайсысы да көпшілік билікпен өзара қатынастарда азаматтық бастаманың бүкіл секторының

м ү д д е с і н қ о р ғ а й а л м а й д ы .

Осы Тұжырымдаманы әзірлеу мен іске асыру үшін мыналар құқықтық негіз болып табылады: Қазақстан Республикасының Конституциясы , Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт 1966 жылғы 16 желтоқсанда жасалған, Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 28 қарашада ратификациялаған); "Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру кіру құқығын қорғау туралы" Халықаралық еңбек ұйымның N 87 конвенциясы (1948 жылғы 9 шілдеде қабылданған, Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 30 желтоқсанда ратификациялаған); Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген), Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестігін қалыптастыру тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 мамырдағы N 2995 өкімімен мақұлданған), Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 949 Жарлығымен мақұлданған), Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 949 қаулысымен мақұлданған).

## **6. Тұжырымдаманы іске асыру жолдары мен тетіктері**

Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі тетіктері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық шарттар мен актілерді ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру және үйлестіру;

мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастық құралдарын нығайту және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты тиімді іске асыру үшін қ о л а й л ы ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

халықтың жоғары саяси, құқықтық және азаматтық мәдениеті үшін жағдайлар ж а с а у ;

Қазақстан Республикасының Парламентіндегі және мәслихаттардағы саяси партиялардың өкілдіктерін кеңейту арқылы олардың ролін күшейту, партиялық фракциялардың құқықтарын кеңейту;

адам құқықтарын қорғаудағы азаматтық қоғам институттарының ролін арттыру; БАҚ қызметін реттейтін заңнаманы демократияландыру; діни бірлестіктер қызметін реттейтін заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес ж е т і л д і р у ;

еңбек қатынастарын жетілдіру;  
әлеуметтік саясатты жаңғырту;  
бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру;  
азаматтық қоғамның басқа институттарын дамыту;  
азаматтық қоғам институттарының халықаралық ынтымақтастығын дамыту.

## **6.1. Азаматтық қоғам институттары қызметінің құқықтық негізін жетілдіру**

Алдағы 2011 жылға дейінгі кезеңде азаматтық қоғам институттары қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде шаралар қ а б ы л д а у қ а ж е т . М ы н а л а р д ы :

коммерциялық емес секторға салық салу мәселелерін;  
үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік жұмысын;  
қайырымдылық қызмет пен меценаттықты;  
коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу мен тарату рәсімдерін жетілдіруді;  
гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді және жалпыұлттық құқық қорғау институттарын нығайтуды регламенттейтін құқықтық нормалар мен тетіктерді ж а қ с а р т у м а ң ы з д ы .

Тұтастай алғанда, алда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, оның ішінде мәдениет, білім беру, экология, денсаулық сақтау, ақпарат, әлеуметтік қамсыздандыру, экономика, гендерлік теңдік, тұрғын үй саясаты, жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бөлігінде қазақстандық заңнаманы жетілдіру бойынша талдау жасап, жұмыс ж ү р г і з у т ұ р .

Ратификацияланған халықаралық шарттар мен пактілердің ережелерін ұлттық заңнамаға имплементациялау жөніндегі жұмысты жеделдету, сондай-ақ әлі

ратификацияланбаған басқа халықаралық шарттар мен пактілерге қосылу жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Осы бағыт шеңберінде заң шығарушылық жұмысына азаматтық қоғам институттарының өкілдері мен тәуелсіз сарапшылар тартылатын болады.

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық сарапшылар палатасының жұмысын қолдау оны заң шығарушылық процесінде азаматтық институттардың мүдделерін есепке алудың бірегей тетігіне айналдыруға мүмкіндік береді.

## **6.2. Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастық құралдарын нығайту**

Мемлекеттік органдар мен азаматтық институттар ынтымақтастығын нығайту үшін:

мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы өзара іс-қимыл проблемаларын шешу және өзара іс-қимыл мен серіктестік басымдықтарын айқындау жолдарын тұжырымдау үшін жалпыұлттық тиімді үндесу алаңқайына айналуға тиісті азаматтық форумдарды тұрақты негізде өткізу;

заң шығарушылық жұмысы, мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік даму бағдарламаларын қалыптастыруға қатысу жөніндегі қоғамдық кеңестер, консультативтік-кеңесші органдар, комиссиялар, жұмыс топтары түрінде ынтымақтастықтың тұрақты қолданыстағы тетіктерін орталық және өңірлік деңгейлерде дамыту;

элеуметтік мәнді проблемалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу практикасын енгізу;

мемлекеттік билік органдарының қызметін және олардың азаматтардың құқықтары мен мүдделерін сақтауға, бюджет процесінің ашықтығы мен мөлдірлігіне байланысты қабылдайтын шешімдерін азаматтық бақылаудың өнімді тетіктерін пысықтау және практикаға енгізу, жұмыстың осы бағытының шеңберінде тиісті әдістемелік база құру;

азаматтық қоғам институттарының даму бағдарламаларын іске асыру мониторингі мен олардың сектораралық ынтымақтастығын қамтамасыз ететін ұлттық ақпараттық-талдамалық желі құруға және оны дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар енгізу;

азаматтық институттардың сектораралық өзара іс-қимылының неғұрлым перспективалы нысандары мен әдістерін жүйелі түрде зерделеу, анықтау, байқап көру және енгізу, мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылдың тиімді тетіктерін қалыптастыру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау;

азаматтық қоғам институттарымен жұмыс және қоғаммен байланыс үшін елдің

мемлекеттік жоғары оқу орындарына кадрлар даярлаудың арнайы курстарын енгізу  
м ә с е л е с і н п ы с ы қ т а у ;

орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда қоғаммен байланыс жөніндегі  
құрылымдық бөлімшелер құру мәселесін зерделеу;

Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес жұмыс берушілер,  
қызметкерлер және билік органдары арасындағы мүдделерді келісудің негізгі тетігі  
ретінде еңбек қатынастары саласындағы тиімді әлеуметтік серіктестікті дамыту қажет.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты тиімді іске асыру үшін ұйымдық, саяси және  
құқықтық жағдайларды қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлу қажет, бұл мемлекеттік  
органдар мен азаматтық институттардың өзара іс-қимылы мен ынтымақтастық жүйесін  
дамытуға мүмкіндік береді.

Принциптік тұрғыдан орталық және жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік  
әлеуметтік тапсырыстың, ең алдымен әлеуметтік блоктың тетігін тарату қажет.  
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа арналған бюджет шығыстарын кезең-кезеңімен  
ұлғайту көзделген жөн.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға қолайлы жағдай жасау үшін  
сонымен қатар республикалық және өңірлік деңгейлерде:

серіктестік негізде билік органдары мен азаматтық қоғам институттары арасындағы  
қаржылық-шарттық қатынастарды дәйекті дамыту;

мақсатты топтар мен қызмет көрсетулерді алушылар үшін тиісті пайдалылық  
индикаторларының көмегімен қоғамдық қажеттіліктерді зерделеу мен жобалардың  
нәтижелерін бағалау негізінде ҮЕҰ-дың қатысуымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс  
қалыптастыру;

азаматтық институттар мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының  
мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру процесінің  
ашықтығын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы құралдарын практикаға енгізу;

азаматтардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстың жаңа  
нысандары мен әдістерін жасау және іске асыру;

түрлі әлеуметтік мәнді салалардағы ұлттық және аумақтық (өңірлік) іс-қимыл  
бағдарламаларын дайындау мен іске асыру жөніндегі алдыңғы қатарлы шетелдік  
тәжірибені зерделеу және елде енгізу.

### **6.3. Халықтың жоғары саяси, құқықтық және азаматтық мәдениеті үшін жағдайлар жасау**

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес әрбір адам өзіне  
Конституциямен кепілдік берілген экономикалық, әлеуметтік, азаматтық және саяси  
құқықтарды пайдалануға мүмкіндігі болған жағдайларда ғана жеке тұлға мұратына қол  
жеткізуге болады.

## О л ү ш і н :

азаматтық қоғам институттарының жұмысы арқылы адамның құқықтық санасын қалыптастыру ;

елде жұмыс істеп тұрған жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу және азаматтардың жалпыұлттық проблемаларды шешуге толыққанды қатысуын қамтамасыз ету ;

қоғамда Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті қалыптастыру ;

жалпы орта, кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарында құқық негіздерін оқыту практикасын жетілдіру ;

қазақстандық қоғамда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде құқық қорғау ҮЕҰ-ның рөлін көтеру ;

құқықтық жүйені одан әрі ырықтандыру ;  
кылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіруге, елде қоғамдық қорғау институтын дамытуды ынталандыруға бағытталған жобалар тұжырымдауға құқық қорғау ҮЕҰ-ын тарту ;

халықтың әлеуметтік әлжуаз жіктерінің құқықтарын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік бағдарланған жобаларды жүйелі түрде енгізу, мүгедектердің, әйелдер мен жастардың құқықтарын қорғауға бағытталған әлеуметтік мәнді жобалар тұжырымдауға ҮЕҰ-ды белсенді түрде тарту ;

адам құқықтары және әрбір адам мен тұтас қоғам үшін олардың құндылығы саласында жалпыға танылған стандарттар туралы халықтың хабардар болуының жоғарғы деңгейіне қол жеткізу жөнінде тиісті мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының бірлескен ақпараттық және ағартушылық науқандарын іске асыру ;

жанжалдарды соттан тыс шешу тетіктерін, дауларды келіссөздер, аралық, келістіру соттары, делдалдық институттары арқылы сотқа дейін реттеу практикасын белсенді енгізу ;

гендерлік теңдікті дамыту және нығайту, қоғамдық санадағы әйелдер мен ерлер құқықтарына қатысты келеңсіз таптауларды еңсеруге жәрдемдесу қажет.

### **6.4. Еңбек қатынастарын жетілдіру**

Еңбек қатынастарын жетілдіру үшін:

қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында еңбек заңнамасын әлеуметтік мемлекет принциптеріне сәйкес келтіру ;

қызметкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде кәсіподақтардың рөлі мен орнын арттыру ;

ықтимал жанжалдар мен еңбек дауларының алдын алу мақсатында меншік иелері



мен кәсіподақтар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл, еңбек қатынастарын реттеу ауыртпалығының орталығын кәсіпорындар деңгейіне ауыстыру;  
жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерінің арасындағы ұжымдық шарттар шеңберінде тиімді келіссөздер процесін қамтамасыз ету тетіктерін енгізу;  
қызметкерлердің мүдделерін, қажеттіліктерін қанағаттандыру және өнеркәсіп орталықтарындағы өткір әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу мақсатында кәсіподақтардың үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жүйесін жолға қою талап етіледі.

## **6.5. Әлеуметтік саясатты жаңғырту**

Билік пен азаматтық қоғамның ортақ міндеті әлеуметтік мемлекет құру, елдің экономикалық басып оза дамуын ынталандыру және азаматтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру болып табылады.

Азаматтардың Конституцияда кепілдік берілген әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік нормалар мен нормативтер белгілеуге бейімделген және сонымен бір мезгілде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асыру үшін бағдарлық қызмет атқаратын өмір сүру сапасының ұлттық стандартын әзірлеу және практикаға енгізу қажет.

Ұлттық стандарт мынадай бөлімдерді қамтуға тиіс: еңбекақы төлеу, зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, медициналық қызмет көрсету стандарты, тұтыну себеті, білім беру қызметтерінің стандарты, отбасын әлеуметтік қолдау стандарттары, азаматтың жалпы және ақпараттық мәдениетінің стандарттары, экологиялық мәдениет стандарттары, халықты тұрғын үймен, коммуналдық және тұрмыстық қызметтермен қамтамасыз ету с т а н д а р т т а р ы .

Тәуелсіздік жылдары жинақталған ресурстық әлеует, бюджет мүмкіндіктері мен республиканың экономикасындағы оң үрдістер базасында Қазақстанның өмір сүру сапасының ұлттық стандартының барлық көрсеткіштерін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының барлық елдері арасында неғұрлым жоғарғы етудің және Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіруін қамтамасыз етуге толық мүмкіндік бар.

Жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясат негізіне субсидиарлық принципті енгізудің маңызы зор, бұл адам, отбасы, адамдар тобы, қоғамдық бірлестік мүдделерінен шыға отырып, проблеманы төменнен жоғарыға қарай шешуді білдіреді. Бұл үшін әлеуметтік көмек бағдарламаларын орындауға үкіметтік емес ұйымдарды кеңінен тарту үшін жағдай жасау қажет, бұл өз кезегінде жергілікті деңгейде әкімшілік шығыстарды қысқартуға және мемлекеттің әлеуметтік саладағы жұмысының тиімділігін арттыруға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Сонымен қатар проблемаларды жергілікті деңгейде шешуге және елде волонтерлық институтты дамытуға қабілетті аумақтық ҮЕҰ-дарды дамыту үшін жағдай жасау қажет.

## **6.6. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру**

Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыру - әлеуметтік мәнді жобаларды дамыту және қоса қаржыландыру, лайықты еңбекақыны уақытылы төлеу, еңбекті қорғауды және оның қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, жалдамалы қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға апаратын жол. Бұл қоғамда мейірімділік, руханилық мәдениетін қалыптастыруға, моральдық және адамгершілік құндылықтарын нығайтуға апаратын жол.

Кәсіпкерлер үшін әлеуметтік жауапкершілік арттыру мәселелерінде олардың қызметі үшін қолайлы, әлеуметтік қауіпсіз Орта қалыптастыруға қатысу міндеті дәлел болуға тиіс. Қоғамдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылық - бизнесінің табысты дамуының к е п і л і .

БҰҰ-ның Бизнесінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жаһандық шартының принциптерін енгізу және меценаттық пен қайырымдылық қызметі, экономикалық ынталандыру және бизнес пен ҮЕҰ-ның тиімді өзара іс-қимылы үшін заңнамалық база құрған мақсатқа сай келеді.

## **6.7. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарын дамыту**

2001 жылға дейінгі кезеңде азаматтық қоғамның саяси партиялар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты аса маңызды институттарын одан әрі дамыту жөнінде шаралар пысықталып, кезең-кезеңімен іске асырылатын болады. Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізуі осы жұмысты жүргізу үшін қолайлы ұйымдастырушылық, институционалдық, экономикалық және заңнамалық жағдайлар жасау мүмкіндігін береді.

Үкіметтік емес ұйымдар сегментінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру тетігін жетілдіру мен оның ашықтығын қамтамасыз ету, оны іске асыру тетігі мен рәсімдерін жақсарту, ҮЕҰ-ның басым әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды айқындауға қатысуы мәселелерін көздеу қажет. Алда халықаралық стандарттарды ескере отырып, азаматтардың бейресми бірлестіктерінің мәртебесі туралы мәселені шешу, оның ішінде тіркеу тәртібін жетілдіру тұр. Елдің коммерциялық секторы мен ірі бизнесін ҮЕҰ жобаларын қаржыландыруға ынталандыратын нормативтік құқықтық база жасаудың маңызы зор. Мемлекет пен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимыл процесін тұтастай тереңдету, әсіресе өңірлер мен ауылдық жерлерде ҮЕҰ бөлігін дамытуды қолдаудың институционалдық және ұйымдық

б а з а с ы н

н ы ғ а й т у

қ а ж е т .

Саяси партиялардың алдында міндеттердің сапалы жаңа дейгейі тұр.

Олардың қоғамдық-саяси өмірдегі және мемлекеттік басқарудағы рөлінің артып келе жатқанын ескере отырып, әсіресе олардың өкілеттіктерін кеңейту, мемлекеттік тіркеу процесін оңайлату, тіркеу құжаттарын тексерудің ашық тетігін әзірлеу мен енгізу, біріктіру, қосылу және басқаларын заңнамалық реттеу тетіктерін жетілдіру бөлігінде тиісті заңнаманы жетілдіру қажет.

Кәсіптік одақтар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын әзірлеуге және іске асыруға белсене қатысуға тиіс. Бұл үшін ұлттық заңнаманы Халықаралық еңбек ұйымының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық конвенцияларын ескере отырып дамыту маңызды. Тұтастай алғанда, ұжымдық шарттар мен келісімдер еңбекшілер құқықтарын қорғаудың пәрменді тетігіне айналуына, ал еңбек заңнамасының меншік нысанына қарамастан, барлық кәсіпорындарда сақталуына және қажет болған жағдайда кәсіподақтардың өз құқықтарын наразылық нысанында іске асыра алуына қол жеткізу қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласы отандық теледидар мен радионың, газеттер мен журналдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экономикалық ынталандыруды көздейтін тиімді заңнама жасауды талап етеді. Ақпараттық саясатқа мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бюджет қаражатын орналастырудың ашықтығын қамтамасыз етуге, ақпараттық сала үшін кадрлар даярлаудың, журналистер мен БАҚ-тың құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға, ақпарат алуға құқықтың сақталу ахуалын жақсартуға байланысты мәселелер кешенін шешу қажет.

Діни бірлестіктер бөлігінде құқыққа қайшы іс-әрекет жасау үшін дінді пайдалануға жол бермеу мақсатында бұдан әрі де қажетті жағдайлар жасау қажет. Алда діни бірлестіктердің ерекшеліктері ескерілетін және діни экстремизмнің алдын алуға, жастардың, әсіресе шетелде діни білім алуын мемлекеттік бақылаудың тиімді жүйесін құруға, өз қатарына отандастарды мәжбүрлеп тартып, күш қолдану және психологиялық қысым көрсету жолымен алаяқтықпен айналысатын сектанттық ұйымдар қызметінің жолын кесуге бағытталған ұйымдық және құқықтық шаралар кешенін қабылдау керек.

Осылардың бәрін ескере отырып, мемлекет азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылда елде азаматтық қоғамды дамыту үшін қолайлы экономикалық, саяси және құқықтық жағдай жасауға бағытталған одан әрі шаралар қабылдауы қажет.

БАҚ қызметін реттейтін заңнама демократияландырылады. Тәуелсіз БАҚ қызметін, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс арқылы мемлекеттік қолдау кеңейтіледі.

Халықаралық стандарттарға сәйкес діни бірлестіктердің қызметін реттейтін заңнама жетілдіріледі.

Республиканың жастар және балалар ұйымдарының қызметін мемлекет тарапынан қолдау өріс алады.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлі нығайтылады. Этносаралық қатынастар, білім, мәдениет және ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруда ұлттық-мәдени бірлестіктердің (орталықтардың) қатысуының нысаны мен тетіктері жетілдіріп, кеңейтіледі. Ұлттық-мәдени бірлестіктерді (орталықтарды) мемлекеттік қолдау кеңейтіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды жүйелі және кезең-кезеңімен дамытуға баса назар аударылатын болады. Мемлекет пен оның органдарының жергілікті өзін-өзі басқару институттарымен өзара іс-қимыл практикасы кеңейтіледі.

Олардың өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, осы бағыттар бойынша жұмыстың басым бағыттары, тетіктері мен нақты құралдары тиісті нормативтік құқықтық актілерде жеке қаралады.

## **6.8. Азаматтық қоғам институттарының халықаралық ынтымақтастығын дамыту**

Соңғы он жылдық ішінде әлемде түрлі елдердің азаматтық қоғам институттары арасындағы ынтымақтастықтың тұрақты үрдісі қалыптасты. Оның мақсаты түрлі: қауіпсіздік, адам құқықтарын қорғау, экономикалық және әлеуметтік даму, кедейлікті еңсеру, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, ғылым, мәдениет, жедел ізгілік және техникалық көмек көрсету, бітімгершілік салаларында уақыттың қыр көрсетулеріне ден қоюдың тиімді тетіктерін тұжырымдау болып табылады. Іс қимылдардың бірлескен бағдарламалары мен тұғырнамаларын әзірлеу жүзеге асырылады.

Осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін:

қазақстандық азаматтық қоғам институттарын халықаралық қоғамдастыққа кіріктіруді жалғастыру, бұл қоғамдық дамудың әлемдік үрдістерін, Қазақстан жағдайларына бейімделу және елді әлемге белсенді таныстыру үшін шетелдік тәжірибені зерделеуге мүмкіндік береді;

ұлттық мүдделер аясында әлеуметтік, мәдени, білім беру және басқа жобаларды жүзеге асыру үшін халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту;

қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың, электронды БАҚ-тың мүмкіндіктерін белсенді пайдалану, шетелде елдің жағымды беделін алға жылжыту мақсатында Қазақстанда "үшінші сектор" туралы ақпарат деңгейін көтеру;

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық бағыттағы мақсатты бағдарламаларды Орталық Азияда іске асыруға бағдарланған өңірлік үкіметтік емес ұйымдар құруды көтермелеу қажет.

## **7. Тұжырымдаманы іске асыру мерзімі мен кезеңдері**

Ұсынылып отырған азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру 2006-2011 жылдарға есептелген және ол мынадай кезеңдерден өтуді көздейді:

бірінші кезең - 2006-2008 жылдар.

Азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға бағытталған заң жобаларын әзірлеу жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдар, бизнес пен азаматтық қоғам институттары ынтымақтастығының тетіктері нығайтылады. Азаматтық форум мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам үшін тиімді, тұрақты жұмыс істейтін үндесу алаңқайына айналады.

Негізгі мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестер, консультативтік-кеңесші органдар, комиссиялар, жұмыс топтары түрінде ынтымақтастықтың салалық және өңірлік тұрақты жұмыс істейтін жүйесі қалыптасады.

Заң шығарушылық жобалары, мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар қалыптастыру жөніндегі жұмыс топтары құрылады, әлеуметтік мәнді проблемалар бойынша қоғамдық тыңдаулар жүргізіледі.

"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңы негізінде билік пен ҮЕҰ-ның ынтымақтастық жүйесі түзіледі.

Тұжырымдаманың басымдықтары бойынша ақпараттық бағдарлама іске асырылады.

Азаматтық қоғам институттарын дамыту үшін мемлекет жасаған қолайлы жағдай және олардың қызметіне қоғамдық сұраныстың өсуі азаматтар бастамасын жандандырады. Оның нәтижесі қоғамдық ұйымдар санының өсуі болады.

Екінші кезең - 2009-2010 жылдар.

Көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде азаматтық қоғам институттарын дамытуда сапалық өсуге қол жеткізіледі.

Үшінші сектордың белсенді жұмысы халықтың саяси мәдениеті мен құқықтық сауаттылығының жоғарғы деңгейін қалыптастырады. Қоғамдық санада азаматтық қоғамның нормалары мен құндылықтары орнығады және күнделікті практикаға енеді.

Елде түрлі салаларда ұлттық іс-қимыл бағдарламаларын қалыптастыру бойынша әлемнің дамыған мемлекеттерінің тәжірибесі енгізіледі.

Еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестікті дамыту қазақстандық қызметкерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Қайырымдылық пен меценаттық мәдениеті мен тетіктері қалыптасады. Азаматтық бастамаларды қолдаудың жергілікті қорлары құрылады.

Бизнес, ҮЕҰ, билік органдары өкілдерін қамтитын комиссиялар шеңберінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму жобаларын бірлесіп әзірлеу бастамасы көтеріледі.

ҮЕҰ білім беру қызметтері мен қоғамның қоғамдық-саяси өміріне қатысуға қол жеткізу саласында - мүгедектердің, жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастыру саласында жастар мен әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған жобаларды тұжырымдауға белсенді түрде тартылады. Азаматтық қоғам дамуының жоғары сатысы ретінде елде волонтерлық институты дамытылады.

Мемлекеттік билік органдарының қызметін және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, бюджеттер мен бюджет процесінің ашықтығы мен мөлдірлігіне байланысты олар қабылдайтын шешімдерді азаматтық бақылау тетіктері нығайтылады. Билік құрылымдарының қоғам алдында бұқаралық нысанда есеп беру модельдері бекітіледі.

Елде жанжалдарды соттан тыс шешу тетіктері, дауларды келіссөздер, аралық соттар арқылы сотқа дейін реттеу практикасы белсенді түрде енгізіледі.

Қазақстандық азаматтық қоғам институттарын коммерциялық емес ұйымдардың халықаралық қоғамдастығына кіріктіру жалғасады.

Үшінші кезең - 2011 жылдан басталады.

Азаматтық қоғам институттарын дамыту жүйелі және үдемелі сипатқа ие болады. Бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасауын оңтайландыру үшін олардың қатынастарына түзетуші өзгерістер енгізіледі. Қазақстандық қоғамды дамыту проблемалары бойынша жыл сайынғы баяндамалар жарияланып, жыл сайынғы тыңдаулар өткізіледі.

Азаматтық қоғамды дамыту үздіксіз процесті білдіреді, ол қоғамдық қажеттіліктердің өзгерістеріне, әлемдік даму үрдістеріне және уақыттың сын - тегеуріндеріне негізделеді.

## **Қорытынды**

Азаматтық қоғамды дамыту демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты болып табылады. Қоғамдық прогресс, демократиялық даму, экономикалық өрлеу азаматтардың қоғам тыныс-тіршілігінің барлық маңызды салаларына белсенді қатысқан жағдайда ғана мүмкін болады.

Осы Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдасын іске асыру елдің адами, зияткерлік әлеуетін жандандыруға және жұмылдыруға, әр адамның өз тағдыры мен ел тағдырына деген жеке жауапкершілігін арттыруға, билік қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, жемқорлық пен озбырлықты, мемлекеттік бюрократияның билікті асыра пайдалану көріністерін түбірімен жою үшін жағдай жасауға, елдің әр азаматының өмір сүруінің жоғарғы деңгейіне жедел қол жеткізуге, азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қоғам тарапынан билікке деген сенім мен құрмет әлеуметтік татулық пен келісімнің, саяси тұрақтылықтың және, тиісінше, Отанымызды тұрақты дамытудың берік іргетасы болып табылады.

Өзінің күрделі де жарқын тарихымен, еркіндік пен егемендік үшін бастан кешкен меһнатымен, әлемдік қоғамдастыққа лайықты кіруге ұмтылысымен Қазақстан азаматтық қоғамның ұсынылып отырған моделін іске асыруға әзір.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК